

## Жаңақорған ауданының Өзгент ауылдық округі Өзгент ауылының атауы жоқ көшелеріне беру туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Өзгент ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 15 маусымдағы N 22 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 шілдеде N 5051 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 08 желтоқсандағы Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, Қызылорда облыстық ономастикалық комиссиясының 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 1 қорытындысына сәйкес, Өзгент ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Өзгент ауылдық округі Өзгент ауылының атауы жоқ көшелеріне төмендегі атаулар берілсін:

- 1) ауылдың күн батысындағы бірінші көшеге Қуандық Сайтмуратовтың,
- 2) шығыс бөлігіндегі алтыншы көшеге Берістем Төлегеновтің есімдері берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау "Өзгент ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы Т.Көркембаевқа жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Өзгент ауылдық округінің әкімі*

*Н. Оспанов*